



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

*2016 жылғы 23 қараша*

### **Халықтың 2016 жылғы қазанда қолма-қол АҚШ долларын сатып алуы**

2016 жылғы қазанда халықтың айырбастау пункттерінде қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алу көлемі 304,0 млн. АҚШ долларын құрады. 2016 жылғы тамыздағы маусымдық күрт өсуінен кейін шетел валютасына деген сұраныс қазанда төмендеді. Қыркүйекпен салыстырғанда халықтың қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алуы 6,6%-ға қысқарды.

Тұтастай алғанда ағымдағы жыл халықтың қолма-қол АҚШ долларын сатып алу көлемінің айтарлықтай төмендеуімен сипатталады. Мәселен, өткен жылдың қазанымен салыстырғанда көрсетілген шетел валютасын нетто-сатып алу көлемі 40,0%-ға, ал 2014 жылғы қазанмен салыстырғанда 84,0%-ға қысқарды.

2016 жылғы 10 айда АҚШ долларын нетто-сатып алу 2015 жылғы қаңтар-қазандағы көлемнен 10,5 еседен аса аз болды, бұл 2001 жылдан бергі бүкіл бақылау кезеңіндегі ең төмен көрсеткіш болып табылады. Халықтың АҚШ долларын жалпы сату көлемі соңғы 5-6 жылдағы орташа деңгейде, ал халықтың АҚШ долларын жиынтық сатып алу көлемі екі еседен аса азайды. Осылайша, халықтың қолма-қол АҚШ долларына деген сұранысының төмендеу үрдісі жалғасуда.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)